

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Тасилова Айгерім Айтбаевнаның «Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия» атты диссертациясы туралы

## С Ы Н - П І К І Р

### **1.Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.**

Әлемдік коммуникация желісіндегі маңызды болып табылатын қоғамдық дипломатияның қолданылуын қарастыру мәселесі, сондай-ақ олардың қалыптасуын журналистика теориясы мен қоғамдық дипломатия тұрғысынан талдау ісі туралы ғылыми жұмыстардың аздығы зерттеу тақырыбының өзектілігін танытады. Жалпы журналистикада әлемдік коммуникация желісінде кездесетін қоғамдық дипломатияға байланысты ғылыми пікірлер осы уақытқа дейін біршама еңбектерде айтылды. Дегенмен, әлемдік коммуникация желісі тұрғысынан қоғамдық дипломатияның арнайы түрде зерттеліп, белгілі бір деңгейде бөліп қарастырылған жоқ.

Ізденушінің әлемдік коммуникация желісі сипаты бойынша қоғамдық дипломатияның табиғатына назар аударып, сол арқылы журналистикадағы орнын, ерекшеліктерін айқындап, анықтауы, оларды ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың тиімді құралы ретінде мемлекеттің жағымды имиджін қалыптастыру және көпполярлы әлемді дамыту мен нығайтуға қатысуымен анықталып, Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдары, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігі, Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлері айқындалып және дамуы жақтан сараланып, кешенді талдау жұмыстарын жүргізуі осы еңбектің құндылығын көрсетеді. Автордың талдау, жүйелеу, салыстыру, ғылыми зерттеу әдістерін, сондай-ақ тарихи-салыстырмалы, хронологиялық-тарихи, логикалық-тарихи талдау түрлерін ғылыми сипаттауға пайдалануы зерттеудің практикалық және ғылыми-теориялық сұраныстарға сай ерекшелігін дәлелдейді.

Зерттеу жұмысының қорытындылары халықаралық қатынастар, аймақтану, сыртқы саясат саласының дамуына ықпал етеді, сондай-ақ білім беру және қоғамдық дипломатия салалары үшін де маңызға ие. Сондықтан зерттеу жұмысын жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты деп тану қажет.

Қоғамдық дипломатия мемлекеттің өркендеуі үшін және имиджінің тұрақты болуы үшін қажет. Сондықтан әлемдік коммуникация желісіндегі Қазақстанның қоғамдық дипломатиясының әлеуетін зерттеу керек. Ол үшін АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің тәжірибесіне сүйенгеніміз абзал. Осы тұрғыдан алсақ, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей тәжірибелерін зерделеудің маңызы зор екендігі анық байқалады. Тәуелсіз еліміздің жан-жақты дамуына ықпал ететін қоғамдық дипломатияны салыстырмалы талдаудың өзектілігі



күман туғызбайды. Зерттеудің мемлекеттік бағдарламалармен байланысы жоғары деңгей. Мемлекетіміздің имиджін арттыру, қоғамдық дипломатияны дамыту мәселесі мемлекеттік деңгейде бірінші кезекті міндеттер қатарына қосылып, арнайы мемлекеттік бағдарламаларға арқау болып отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан -2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру», – деп атап көрсетті. Осы орайда, еліміздің әлемге танылуына журналистердің, коммуникаторлардың және дипломаттардың ролі орасан. Ізденушінің зерттеу тақырыбы өзекті әрі тәжірибе жүзінде қолдануға лайық. Сондықтан Тасилова Айгерімнің диссертациялық жұмысы қазақстандық дипломатия саласының өркендеуіне үлес қосатынына сеніміміз мол.

## **2. Автордың даралық принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.**

Диссертациядан алынған нәтижелердің өзара бірлестігі мен олардың өзара іштей үндестігі жоғары талапқа сай. Қолжазбаның құрылымы мен оның мазмұны, одан алынған нәтижелер мен қорытындылардың бір-бірімен сабақтастығы диссертацияның заман талабына сай жазылған еңбек деп бағалауға негіз болады.

А.А.Тасилованың диссертациялық зерттеу жұмысының кіріспе бөлімінде аталған мақсат-міндеттерге сәйкес тұжырымдалған ғылыми нәтижелер өзара сабақтастықта, жүйелі құрылымда мазмұндалған. Мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1. Қоғамдық дипломатияның ұғымы, деңгейлері, әдістері, формалары туралы ғылыми тұжырымдамалар дәйектеліп, айқындалған;
2. Қоғамдық дипломатияның халықаралық қатынастар үдерісінің динамикасы мен мемлекеттер арасындағы ынтымақтастыққа ықпалы замануи жаһандық коммуникациялық мәнмәтін тұрғысынан зерделеніп, анықталған;
3. Көшпелі қоғамның саяси қатынастарындағы қоғамдық дипломатияның көріністері мен өзіндік ерекшеліктері бағамдалған.
4. Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдарын, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігін, Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлері айқындалған.
5. Жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникацияның мәселелері, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің саяси аренадағы имидж құру ерекшеліктері анықталған.

Бұл тұжырымдар қазіргі журналистикадағы қоғамдық дипломатияның әлемдік коммуникация желісіндегі мәніне қатысты ғылыми-теориялық тұжырымдардың қатарын толықтырады әрі қазіргі журналистикадағы практикалық жағынан маңызы зор.

## **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**



Зерттеуде тұжырамдалған нәтижелердің фундаменталдық сипаты күмән тудырмайды. Мұны диссертацияда тұжырымдалған нәтижелердің жаңалық деңгейі дәлелдей көрсетеді. Солардың маңыздыларын атап өтсек:

*Бірінші ғылыми нәтиже жаңа*, қоғамдық дипломатияның ерекшеліктері, мәні, сонымен қатар қоғамдық дипломатияның қалыптасу ерекшеліктері зерделенген. Алайда қоғамдық дипломатияның ерекшеліктері, мәні әлемдік коммуникация желісі аясында шектелген.

*Екінші ғылыми нәтиже жаңа*, әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатияның орны анықталып, құрылымы, деңгейлік дамуы мысалдармен дәлелденіп, жан-жақты талданған. Қоғамдық дипломатия жүйеленіп берілген, мысалдармен дәлелденген.

*Үшінші ғылыми нәтиже ішінара жаңа*, себебі мұнда әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатияның көшпелі қоғамның саяси қатынастарындағы көріністері мен өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ғылыми тұжырымдар жасауда ізденуші әлемдік және орыс, қазақ журналистикасындағы ғылыми пікірлер мен тұжырымдарды негізге алған, осы бағытқа қатысты ғылыми талдауларға сүйенген.

*Төртінші ғылыми нәтиже жаңа*, себебі Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдарын, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігін, Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлеріне байланысты сипатталған.

*Бесінші ғылыми нәтиже жаңа*, Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдарын, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігін, Қазақстанның ұлттық брендингі мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлері айқындалған.

*Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа*, жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникацияның мәселелері, АҚШ, Ұлыбритания, Ресей елдерінің саяси аренадағы имидж құру ерекшеліктері қарастырылып, ұтымды қорытындылар жасап көрсеткен.

#### **4. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.**

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен қорытындылар зерттеліп отырған мәселенің фундаменталды, ғылыми-методологиялық негізін құрайтын теориялық тұжырымдар қазіргі таңдағы қоғамдық дипломатияның теориясы, халықаралық қатынастар теориясы, сыртқы саясат теориясы, журналистика бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың сомдалған көзқарастары мен ой-пікірлері негізінде анықталған.

Атап айтар болсақ:

*Бірінші ғылыми нәтиже бойынша* қоғамдық дипломатияның қалыптасу ерекшеліктері бойынша А. Арыстанбекова, Р.М. Қалиева сынды отандық және В.И. Попов, Э. Галлио, Генри Хайд, Джозеф Най, П.. Холтсман, В.А. Кононенко, А.В. Торкунов және т.б шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері негізге алынып, ой-пікірлері пайдаланылған, маңызды ғылыми ой-тұжырымдар жасаған.



*Екінші ғылыми нәтиже бойынша* қоғамдық дипломатияның журналистикік зерттеулердегі орнын, құрылысын деңгейлік дамуы, орны, саралану жолдары қазақ, шетелдік ғалымдардың тұжырымдары, пікірлерін негізге алған, осы бағытта өзіндік ғылыми-теориялық тұжырымдар ұсынған.

*Үшінші ғылыми нәтиже бойынша* әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатияның көшпелі қоғамның саяси қатынастарындағы көріністері мен өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ғылыми тұжырымдар жасауда ізденуші әлемдік және орыс, қазақ журналистикасындағы ғылыми пікірлер мен тұжырымдарды негізге алған, осы бағытта өзіндік ғылыми-теориялық тұжырымдар ұсынған коммуникативтік факторлар тұрғысынан сипатталған ғылыми еңбектеріне сүйенген.

*Төртінші ғылыми нәтиже бойынша* Қазақстандағы қоғамдық дипломатияның қазіргі құралдарын, мемлекеттің сыртқы саясатындағы цифрлық дипломатияның ерекшелігін, Қазақстанның ұлттық брендингін мен халықаралық имиджін қалыптастырудағы қоғамдық дипломатияның когнитивтік түрлері айқындалған.

*Бесінші ғылыми нәтиже бойынша* әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатияның түрлерін қалыптастырудағы маңыздылығы қазіргі журналистикалық зерттеулердегі ой-пікірлер негізге алынған, өзіндік тұжырымдар ұсынылған.

*Алтыншы ғылыми нәтиже бойынша* қоғамдық дипломатия теориясына қатысты Ван Вэй, И.С. Иванов, Ли Руй, Т.С. Нурышева және т.б. сынды ғалымдардың пікірлерін қолдана отырып, жаһандану трансформациясындағы мәдениетаралық коммуникацияның мәселелері жағынан талдап көрсеткен.

Зерттеу нәтижелері ауқымды материалдарды талдап, қорыту арқылы дәйектелген. Әрбір нәтиже, тұжырым мен қорытынды диссертацияның тараулар мен тараушаларға жіктелген мазмұндық құрылымынан түйінделген, ғылыми мәні жоғары, шынайылығы айқын.

#### **5. Академиялық адалдық принципі.**

Докторант А.Тасилова зерттеу жұмысын жазу барысында өзге авторлардың еңбектерінен көп мысалдар келтірген. Академиялық адалдық принципі бойынша А.Тасилова өзге ғалымдардың, журналистердің, саясаткерлердің еңбектеріне сілтеме жасап, заңды құқықтарын сақтаған. Алынған деректердің мағынасын, сөздерін бұрмаламаған.

#### **6. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы.**

Диссертациялық жұмыс материалдарын білім беру саласында, халықаралық қатынастар, аймақтану, сыртқы саясат және қоғамдық дипломатия мәселелері бойынша арнайы курстарды тереңдетіп оқыту кезінде, аталған мәселелер бойынша оқу-әдістемелік материалдар мен көмекші құралдарын жасауға болады деп санаймыз. Диссертацияға қатысты материалдар Қазақстандағы «қоғамдық дипломатия» саласы бойынша арнаулы курстарды оқытуға пайдасы зор. Осыған байланысты журналистика факультетінде «Дипломатия және журналистика» элективті пәні енгізілді.

**7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.**



Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалалар саны мен көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау мен аттестаттау комитеті қоятын талаптарға сай келеді. Олардың төртеуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жарияланды:

1. Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. «Қоғамдық дипломатия термині және оның қызметі», «Журналистика сериясы».

2. Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. «Ғаламтордағы бизнес жасаудың жолдары және Web-тің дамуы», «Журналистика сериясы».

3. Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. «Ұлттық бренд және Қазақстан». «Журналистика сериясы».

4. «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». «Әлемдік коммуникациядағы қоғамдық дипломатия», Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал

**Нөлдік емес импакт-факторлы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген журналында жарияланған мақалалар:**

SCOPUS базасына кіретін ғылыми журналда 1 мақала:

1. Comparative analysis on Digital Diplomacy in Kazakhstan, Uzbekistan and Kyrgyzstan. «Astra Salvensis» журналы.

**Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында 5 мақаласы жарық көрді:**

1. М.Барманқұлов және Ғ.Қайырбеков мәдени мұралары аясында «Қазақстан масс-медиа нарығындағы: Білім-ғылым-өндіріс үдерісі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. «Қазіргі БАҚ парадигмалары». 27 ақпан, 2015 жыл.

2. «Медиабілім беру және киберәлеуметтену» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. «Қазақстандағы Твиттер қолдану бағыттары». 25 ақпан, 2014 жыл.

3. «Қазақстандағы PR білім берудің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. «The Public Diplomacy in a system of the world communication the opinion of the PD» 13 қараша, 2015 жыл.

4. «III Халықаралық Фараби оқулары», «Дипломатиялық қарым-қатынастағы Қазақстанның жетістігі және халықаралық журналистика» 4-15 сәуір, 2016 жыл.

**Шетелдік ғылыми конференцияда:**

5. «III Международная конференция». «Наука в эпоху дисбалансов». «Public Diplomacy of Kazakhstan», Киев қаласы. 30 қараша, 2017 жыл.

**8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.**

Жалпы, жұмыстың орындалуы диссертацияға қойылатын теориялық-әдіснамалық талаптарға толығымен жауап береді. Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатияны зерттеуге арналған отандық



журналистика саласындағы бірден-бір диссертациялық зерттеу болып табылады. Дегенмен де, кейбір сын-ескертпелерді атап өтуге болады.

1. Біріншіден, қосымшадағы (гlossарий) термин сөздердің қатарын толықтыра түссе дұрыс болар еді.
2. Екіншіден, диссертацияның рәсімделуінде автор тарапының жекелеген стилистикалық, орфографикалық сарындағы олқылықтарға жол берілген. Бірақ бұл айтылған ескертпелер Тасилова Айгерім Айтбаевнаның диссертацияның құндылығын ешбір төмендетпейді және олар кеңес беру ретінде ұсынылған.

**9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі.**

Зерттеу жұмысында бұрын ғылыми айналымға түспеген тың деректер алғаш рет пайдаланылған. Пайдаланылған ағылшын тіліндегі тың деректер негізінде Қазақстан мен АҚШ, Ресей, Ұлыбритания мемлекеттеріндегі қоғамдық дипломатия, мемлекеттердің ұстанымы объективті тұрғыда шынайы сипатта айқындалған.

Диссертацияның тақырыбы өте өзекті, заманауи шынайылықтың қажеттіліктерін қанағаттандырады. Жұмыс мәні мен мазмұны терең, аяқталған түпкілікті ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу жұмысы автордың кәсіби біліктілігі жоғары, көзқарасы айқын, ғылыми ұстанымы берік, отандық ғылымның теориялық міндеттерін шеше алатын саясаттанушы-журналист маман екендігін көрсетеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына толық жауап береді.

Диссертацияға оң баға бере отырып, зерттеу барысында қол жеткізілген теориялық және тәжірибелік маңызды нәтижелер, ғылыми жаңалықтар мен ұсыныстар отандық тәжірибеде кеңінен қолданыс табады деп санаймыз. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Тасилова Айгерім Айтбаевнаның «Әлемдік коммуникация желісіндегі қоғамдық дипломатия» тақырыбындағы диссертациясы тұтасымен 6D050400 – Журналистика мамандығына сәйкес келеді, ал докторант аталған мамандық бойынша философия (PhD) дәрежесіне лайық деп бағалаймыз.

**Ресми рецензент:**

**І. Жансүгіров атындағы**

**Жетісүмемлекеттік университеті**

**журналистика және филология**

**кафедрасының меңгерушісі,**

**(PhD) философия докторы**



**Ж.Б. Есенбек**

